

Ноутбук негіздері



HP өнімдері мен қызметтері туралы қосымша ақпарат алу үшін, <http://www.hp.com> мекенжайындағы HP веб-торабын қараңыз.

© Copyright 2010 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Windows және Windows Vista — Microsoft корпорациясының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері.

Осы құжатта берілген ақпарат ескертусіз өзгертіледі. HP өнімдері мен қызметтеріне кепілдік тек осындай өнімдермен және қызметтермен бірге келетін тікелей кепілдік мәлімдемелерінде беріледі. Осы құжаттағы ешнәрсе қосымша кепілдік деп түсіндірілмеуі тиіс. HP компаниясы осы құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателер, не болмаса қамтылмай қалған мәліметтер үшін жауапты емес.

Бөлшек нөмірі: 635677-DF1

Пайдаланушы нұсқаулықтары

HP компаниясы өнімдерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайтуды мақсат тұтады. Осы мақсатқа жетудің бір бөлігі ретінде біз пайдаланушы нұсқаулықтары мен оқыту орталықтарын компьютердің қатты дискісіндегі анықтама және қолдау орталығының ішінде ұсынамыз. Қосымша қолдау мен пайдаланушы нұсқаулықтарының жаңартуларын веб-тораптан алуға болады.

Windows пайдаланушылары



Қосымша пайдаланушы нұсқаулықтары қажет пе? Олар — компьютердің ішінде. Мыналарды басыңыз: **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары)**

Linux пайдаланушылары



Қосымша пайдаланушы нұсқаулықтары қажет пе? Оларды компьютермен бірге берілетін *User Guides* (Пайдаланушы нұсқаулықтары) дискісінен табуға болады.

Іскерлік ноутбукке арналған жазылу қызметтері



Email Alert

Өнімді ең соңғы драйверлер, түзетулер және хабарландырулармен жаңартып тұрыңыз. Электрондық пошта хабарландыруларын алып тұру үшін, www.hp.com/go/alerts веб-торабында жазылыңыз.

Түпкі пайдаланушы лицензиялық келісімі (EULA)

ОСЫ КОМПЬЮТЕРГЕ АЛДЫН АЛА ОРНАТЫЛҒАН КЕЗ КЕЛГЕН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛ ӨНІМІН ОРНАТУ, КӨШПРУ, ЖҮКТЕП АЛУ НЕМЕСЕ БАСҚАША ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ HP EULA ШАРТТАРЫН ОРЫНДАУҒА МІНДЕТТІ ЕКЕНІҢІЗБЕН КЕЛІСЕСІЗ. ОСЫ ЛИЦЕНЗИЯ ШАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАМАСАҢЫЗ, ҚОЛДАНУҒА БОЛАТЫН ЖАЛҒЫЗ ШАРАҢЫЗ — ҚОЛДАНЫЛМАҒАН ӨНІМДІ (АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҰРАЛДЫ) 14 КҮН ІШІНДЕ ТОЛЫҚТАЙ КЕРІ ҚАЙТАРЫП, САТЫП АЛҒАН ОРЫННЫҢ ЕРЕЖЕСІНЕ СӘЙКЕС ҚҰНЫН ҚАЙТАРЫП АЛУ. Қосыша ақпарат алу немесе компьютердің толық құнын қайтарып алу үшін, жергілікті сату орнына (сатушыға) хабарласыңыз.

Тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласу

Пайдаланушы нұсқаулығы мен үйрену орталығында берілген ақпараттан сұрақтарға жауап табылмаса, төмендегі веб-торап арқылы HP тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласуға болады:

www.hp.com/go/contactHP

Бұл жерде сізде мынадай мүмкіндіктер болады:

- HP маманымен желіде тікелей тілдесу.



Белгілі бір тілде техникалық қолдауға байланысты сөйлесу мүмкін болмаса, ағылшын тілін пайдалануға болад.

- HP тұтынушыларды қолдау орталығына электрондық хат жіберу.
- HP тұтынушыларды қолдау орталығының ғаламдық телефон нөмірлерін табу.
- HP қызмет көрсету орталығының мекенжайын табу.

Сериялық нөмір жапсырмасындағы ақпарат

Компьютердің түбіндегі сериялық нөмір жапсырмасында техникалық қолдау үшін қажет ақпарат беріледі.



❶	Өнім атауы	❷	Кепілдік мерзімі
❸	Сериялық нөмірі	❹	Үлгі сипаттамасы (тандаулы үлгілерде)
❺	Өнім нөмірі		

Кепілдік туралы анықтама

Өнімге қатысты берілген HP шектеулі кепілдігін компьютердің бастау мәзірінен және/немесе қораптың ішіндегі ықшам дискіден немесе DVD дискісінен табуға болады. Кейбір елдерде/аймақтарда HP шектеулі кепілдігі басып ығарылған түрде де қорап ішінде берілуі мүмкін. Кепілдіктің басып шығарылған нұсқасы берілмейтін елдерде/аймақтарда, ондай көшірмеге www.hp.com/go/orderdocuments веб-торабында тапсырыс беруге немесе мына мекенжайға жазуға болады:

Солтүстік Америка үшін:

Hewlett Packard, MS POD, 11311 Chinden Blvd, Boise, ID 83714, USA

Еуропа, Таяу Шығыс, Африка үшін:

Hewlett-Packard, POD, Via G. Di Vittorio, 9, 20063, Cernusco s/Naviglio (MI), Italy
Азия-Тынық Мұхит аймағы үшін:

Hewlett-Packard, POD, P.O. Box 200, Alexandra Post Office, Singapore 911507

Өнімнің нөмірін, кепілдік мерзімін (сериялық нөмір жапсырмасында жазылады), атыңыз бен пошталық мекенжайыңызды көрсетіңіз.

Мазмұны

1-тарау. Келесі әрекеттер

HP QuickWeb бағдарламасымен (тек таңдаулы үлгілерде) таныстыру	1
Қалпына келтіру дискілерін жасау	1
Интернетке қосылу	1
Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды жаңарту	1
Компьютермен танысу	2

2-тарау. Жаңа мүмкіндіктер

TouchPad	3
Сенсорлы экран (тек таңдаулы үлгілерде)	7

3-тарау. HP QuickWeb бағдарламалық құралын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

HP QuickWeb бағдарламалық құрал параметрлерін алғашқы реттеу	12
HP QuickWeb бағдарламасын пайдалану	13
Microsoft Windows жүйесін қосу	13
HP QuickWeb бағдарламалық құралын қосу немесе өшіру	14
QuickWeb басқару түймешіктерін анықтау	14
Бастау тақтасының белгішелерін анықтау	14
Хабарландыру белгішелерін анықтау	15
Параметрлер панелін қолдану	16
Желіні конфигурациялау	17
Музыканы ойнату	17
Фотосуреттерді шолу	17
Чат көмегімен жылдам хабар жасау	18
Скype көмегімен Интернет арқылы қоңырау шалу	18

4-тарау. Ақпаратты табу

Электрондық нұсқаулықтарды табу	19
Қосымша ақпарат іздеу	20

5-тарау. Компьютер қауіпсіздігі

Компьютерді вирустардан қорғау	21
Жүйелік файлдарды қорғау	21
Құпиялылықты қорғау	21
Компьютерді кернеу ауытқуларынан қорғау	22
Компьютерді өшіру	22
Компьютерді қауіпсіз пайдалану	22

6-тарау. Желі байланысын орнату

Интернетке қосылу түрін таңдау	25
Интернет провайдерін таңдау	25
Бар сымсыз желіге қосылу	27
Сымсыз желі байланысын орнату	27
Сымды желіге қосылу	29

7-тарау. Бағдарламалық құралды пайдалану

Орнатылған бағдарламалық құралды анықтау	31
HP TouchSmart бағдарламалық құралын немесе HP MediaSmart бағдарламалық құралын пайдалану	32
Бағдарламалық құралды оптикалық дискіден орнату	32
Ықшам немесе DVD дискісін жасау (жазу)	33
Компьютерде орнатылған бағдарламалық құралды жаңарту	34

8-тарау. Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру

Қалпына келтіру дискілерін жасау	35
Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау	36
Қалпына келтіруді орындау	38

9-тарау. Күнделікті күтім

Дисплейді тазалау	41
TouchPad және пернетақтаны тазалау	41
Саяхаттау және тасымалдау	41

А қосымшасы. Ақаулықтарды жою

Ақаулықтарды жою жолдары	43
Ақаулықтарды жылдам жою	43

В қосымшасы. Техникалық сипаттары

Жұмыс істеуортасы	47
Тұтынылатын қуат	47
3-кеңейту портының кіріс/шығыс сигналдары (тек таңдаулы үлгілерде)	48

Индекс

1-тарау. Келесі әрекеттер

Компьютерді орнатып, тіркеп болған соң, оны пайдалануды бастамас бұрын осы нұсқаулықтағы қадамдарды орындау маңызды болып табылады. Бұл нұсқаулықта компьютерді қорғауға және күтуге көмектесетін тәжірибелік ақпарат бар. Алдымен осы тарауды толығымен оқып шығыңыз, өйткені мұнда не істеу керектігі және қосымша ақпаратты қайдан алуға болатындығы айтылады. Одан кейін қосымша ақпарат алу үшін, арнайы тарауларды оқыңыз.

Компьютердің белгілі бір құрамдас бөлшектерін анықтау туралы анықтаманы «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) орталығындағы пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз. «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) орталығын ашу үшін, **Пуск** (Бастау) > **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) > **Руководства пользователя** (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз.

HP QuickWeb бағдарламасымен (тек таңдаулы үлгілерде) таныстыру

Компьютер параметрлерін реттегеннен кейін HP QuickWeb бағдарламалық құралын іске қосыңыз. Бұл құрал Windows® жүйесін іске қоспастан, музыкаға, сандық фотосуреттерге және интернетке жылдам қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қосымша ақпаратты «HP QuickWeb бағдарламасын қолдану (тек таңдаулы үлгілерде)» атты 3-тараудан қараңыз.

Қалпына келтіру дискілерін жасау

Компьютерді орнатқаннан кейін бірінші және ең маңызды қадамдардың бірі толық стандартты кескіндегі қалпына келтіру дискілерін жасау болып табылады. Қалпына келтіру дискілері жүйе тұрақсыздығы немесе ақаулық болған жағдайда оларды амалдық жүйе мен бағдарламалық құралдардың әдепкі параметрлерін қалпына келтіру үшін пайдаланғанда маңызды болады. Нұсқауларды «Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру» атты 8-тараудан қараңыз.

Интернетке қосылу

Қалпына келтіру дискілерін жасап болған соң, сымды немесе сымсыз желіні орнатып, интернетке қосылыңыз. Қосымша ақпаратты «Желі» атты 6 -тараудан қараңыз.

Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды жаңарту

Интернетке қосылғаннан кейін вирусқа қарсы бағдарламалық құралды жаңартуды ұмытпаңыз. Бағдарлама компьютерге алдын ала орнатылады және онда тегін жаңартулар үшін шектеулі жазылым болады. Вирусқа қарсы бағдарламалық құрал компьютеріңізді вируспен зақымдалудан сақтауға көмектеседі. Қосымша ақпаратты «Компьютер қауіпсіздігі» атты 5-тараудан қараңыз.

Компьютермен танысу

Алдыңғы қадамдарды аяқтаған соң, компьютердің мүмкіндіктерімен танысып шығыңыз да, қосымша сыртқы аудио құрылғылар сияқты кез келген қосымша компьютер бөліктерін орнатыңыз.

Компьютердегі «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) орталығындағы пайдаланушы нұсқаулығын міндетті түрде қарап шығыңыз. Пайдаланушы нұсқаулығы компьютерді пайдалану туралы толық ақпарат береді. Пайдаланушы нұсқаулығына қол жеткізу жөніндегі нұсқауларды «Ақпаратты табу» атты 4-тараудан қараңыз.

Келесі тізім компьютердің ойын-сауық мүмкіндіктерін көрсетеді және әрбір мүмкіндік туралы қосымша ақпаратты қайдан алуға болатындығын түсіндіреді.

- **Мультимедиалық бағдарлама**—Компьютеріңіз алдын ала орнатылған мультимедиалық бағдарламамен, соның ішінде компьютеріңізді жылжымалы ойын-сауық орталығына айналдыратын HP TouchSmart (тек таңдаулы үлгілерде) немесе MediaSmart бағдарламасымен бірге жеткізіледі. Толық ақпаратты «Бағдарламалық құралды пайдалану» атты 7-тараудан қараңыз.
- **Дыбыс**—Компьютеріңізде кірістірілген дыбыстық жүйелер бар. Кірістірілген үндеткішті қолдану мен қосымша сыртқы аудио құрылғыларының параметрлерін реттеу туралы қосымша ақпаратты «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) орталығындағы пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- **Бейне**—Компьютерге қосымша дисплей құрылғысын немесе HDMI (Жоғары анықтамалы мультимедиалық тілдесу) құрылғысын жалғайды. Ажыратымдылығы жоғары фильмді көрі үшін оптикалық жинақтағыш дискіні (тек таңдаулы үлгілерде) пайдаланыңыз. Бейне мүмкіндіктері туралы қосымша ақпаратты «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) орталығындағы пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.




Таңдаулы үлгілерде фильм көрген кезде TouchSmart (тек таңдаулы үлгілерде) немесе MediaSmart бағдарламасын пайдалануыңыз керек.


- **Веб-камера**—Дұрысталатын камераның ендірілген микрофондары веб-камераны жылдам хабар алмасу бағдарламасына тамаша қосымша болады. Веб-камера туралы қосымша ақпаратты «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) орталығындағы пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

2-тарау. Жаңа мүмкіндіктер

TouchPad

TouchPad құрамдас бөліктерін анықтау




Бөліктері	Сипаттама
❶ «TouchPad өшірілген» көрсеткіші	TouchPad тақтасын қосады және сөндіреді. TouchPad тақтасын қосу және сөндіру үшін, түймешікті екі секунд басып тұрыңыз.  TouchPad аумағы белсенді болғанда, шам жанбайды.
❷ TouchPad тақтасының сол жақ түймесі	Сыртқы тінтуірдің сол жақ түймешігі сияқты жұмыс істейді.
❸ TouchPad тақтасының оң жақ түймесі	Сыртқы тінтуірдің оң жақ түймешігі сияқты жұмыс істейді.

TouchPad қосу және сөндіру

TouchPad зауытта қосылған. TouchPad аумағы белсенді болғанда, шам жанбайды. TouchPad тақтасын қосу және өшіру үшін, «TouchPad өшірілген» көрсеткішін екі секунд басып тұрыңыз.


Шарлау

Меңзерді жылжыту үшін бір саусақты TouchPad бойымен сырғыту немесе оны тұрту арқылы меңзерді қалаған жаққа бағыттаңыз.




Таңдау

TouchPad сол және оң жақ түймелерін сыртқы тінтуірдің түймелері ретінде пайдаланыңыз.




TouchPad қимылдарын пайдалану


TouchPad суреттер немесе мәтін беттерімен жұмыс істеуді оңай әрі қызық ететін түрлі қимылдарды қолданады. TouchPad қимылдарын қосу үшін, келесі бөлімде айтылғандай етіп екі саусағыңызды бір уақытта TouchPad үстіне қойыңыз.

 TouchPad бетінің кез келген жерінде жылжытыңыз және шымшыңыз.
Бұру қимылын TouchPad аумағының ішінде жасау керек.

Жылжыту

Жылжыту бетте немесе суретте жылжу үшін қолданылады. Жылжыту үшін екі саусақты TouchPad тақтасының үстіне бөлек қойып, оларды TouchPad тақтасы арқылы жоғары, төмен, сол немесе оң жаққа қарай апарыңыз.


 Жылжыту жылдамдығы саусақ жылдамдығы арқылы басқарылады.



Шымшу/масштабтау

Шымшу суреттерді немесе мәтінді үлкейтуге не кішірейтуге мүмкіндік береді.

- TouchPad үстіне екі саусағыңызды қойып, нысан өлшемін біртіндеп үлкейту үшін екі жаққа созыңыз.
- TouchPad үстіне екі саусағыңызды қойып, нысан өлшемін біртіндеп кішірейту үшін бір-біріне жақындатыңыз.




TouchPad таңдауларын орнату

Жылжыту және шымшу мүмкіндіктері зауытта қосылған. Компьютер зауытта ажыратылған қосымша TouchPad пайдалану қимылдарын да қолдайды.


TouchPad қимылдарын ажырату немесе қайта қосу, не болмаса басқа TouchPad басқа қимылдарын табу:


1. Тапсырмалар тақтасының оң жақ шетінде орналасқан хабарландыру аймағындағы **Synaptics** белгішесін екі рет басып, **Параметры устройства** (Құрылғы параметрлері) қойындысын таңдаңыз.
2. Құрылғыны таңдап, **Параметры** (Параметрлер) түймешігін басыңыз.
3. Ажыратылатын немесе қайта қосылатын қимылды таңдаңыз.
4. **Применить** (Қолдану) түймешігін, одан кейін **ОК** түймешігін басыңыз.

 TouchPad тақтасын қолдану туралы қосымша ақпарат үшін пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз. Бұл нұсқаулыққа өту үшін, **Пуск** (Бастау) > **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) > **Руководства пользователя** (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармақтарын таңдаңыз.

Сенсорлы экран (тек таңдаулы үлгілерде)

Сенсорлы экранда белгілі бір әрекеттерді орындау үшін саусақтарыңызды пайдаланыңыз.


 Осы бөлімдегі нұсқаулар зауытта орнатылған таңдауларға негізделген. Танылған түрту мен сызу параметрлерін өзгерту үшін, **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Оборудование и звук (Жабдық және дыбыс) > Pen and Touch (Қалам және түрту)** тармағын таңдаңыз.

 Кейбір қимылдарға бағдарламалардың барлығында қолдау көрсетіле бермейді.

Сенсорлы экран қимылдарын пайдалану

Түрту (немесе сызу)


Экранның бетіндегі элементтерді TouchPad тақтасын немесе тінтуірді басқандай түртіңіз немесе екі рет түртіңіз. Контекст мәзірін көру үшін TouchPad тақтасының оң жақ түймесін басқандай элементті түртіп, басып тұрыңыз.

 Саусақпен түртіп, амалдық жүйе түртілген аумақ айналасына шеңбер салғанша ұстап тұрыңыз. Сол кезде контекст мәзірі пайда болады.

Сызу


Экрандар арасында жылжу үшін немесе құжаттардың бойымен тез жүгіртіп өту үшін экранды жоғары, төмен, солға немесе оңға қарай саусақпен жеңіл әрі жылдам жанап түртіңіз.

 Сызу әрекетінің іске асуы үшін белсенді терезеде жылжыту жолағы болуы тиіс.



Сүйреу

Саусағыңызбен экрандағы элементті басып, саусағыңызбен элементті басқа жерге сүйреп апарыңыз. Құжаттардың ішінде баяу жылжу үшін де осы әрекетті қолданыңыз.





Жылжыту

Жылжыту бетте немесе суретте жоғары немесе төмен жылжу үшін пайдаланылады. Жылжыту үшін екі саусақты экранның үстіне қойып, оларды экран арқылы жоғары, төмен, сол немесе оң жаққа қарай апарыңыз.




Жылжыту жылдамдығы саусақ жылдамдығы арқылы басқарылады.



Бұру

Бұру мүмкіндігі фотосурет және беттер сияқты элементтерді бұруға мүмкіндік береді. Бұру үшін бас бармағыңызды экранға қойып, бас бармақ айналасында сұқ саусағыңызды жарты шеңбер жасай жылжытыңыз.




Шымшу/масштабтау

Шымшу мүмкіндігі .pdf файлдары, суреттер және фотосуреттер сияқты элементтерді үлкейтуге және кішірейтуге мүмкіндік береді.

Шымшу үшін:

- Нысан өлшемін кішірейту үшін, екі саусақты экранда бір-бірінен алшақ ұстап тұрып, саусақтарды жақындатыңыз.
- Нысанның өлшемін үлкейту үшін, екі саусақты экранда бірге ұстап тұрып, саусақтарыңыздың арасын ашыңыз.



Сенсорлы экран таңдауларын орнату

Сенсорлы экран таңдауларын орнату үшін:

- Түрту, сызу және көрсетілетін кері байланысты көру үшін, **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Жабдық және дыбыс) > **Pen and Touch** (Қалам және түрту) тармағын таңдаңыз. Осы таңдаулар сенсорлы экран мен компьютерге арналған.
- Солақай немесе оңқай пайдаланушылар үшін таңдауларды орнату үшін, **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Жабдық және дыбыс) > **Tablet PC Settings** (Планшеттік компьютер параметрлері) > **General** (Жалпы) қойындысын таңдаңыз. Осы таңдаулар сенсорлы экран мен компьютерге арналған.
- Меңзегіш жылдамдығы, түрту жылдамдығы және тінтуір ізінің жылдамдығын орнату үшін **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Жабдық және дыбыс) > **Мышь** (Тінтуір) тармағын таңдаңыз. Осы таңдаулар жүйедегі кез келген меңзегіш құрылғыға қолданылады.

Түрту параметрлерін өзгерту немесе тексеру:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Жабдық және дыбыс) > **Pen and Touch** (Қалам және түрту) > **Pen Options** (Қалам параметрлері) қойындысын таңдаңыз.
2. «Pen Actions» (Қалам әрекеттері) параметрінің астындағы әрекетті таңдап, **Settings** (Параметрлер) тармағын таңдаңыз.
3. Өзгерістерді енгізгеннен немесе параметрлерді тексергеннен кейін, **ОК** түймешігін басыңыз.

Сызу тағайындауларын өзгерту немесе жасау:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Жабдық және дыбыс) > **Pen and Touch** (Қалам және түрту) > **Flicks** (Сызу) қойындысын таңдаңыз.
2. **Navigational flicks and editing flicks** (Шарлау және өңдеу сызулары) тармағын түртіп, **Customize** (Реттеу) пәрменін таңдаңыз.
3. Тағайындалған сызу параметрлерін өзгерту немесе жасау үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
4. **ОК** түймешігін басыңыз.


3-тарау. HP QuickWeb бағдарламалық құралын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

HP QuickWeb – Windows операциялық жүйесінен бөлек қосымша, жылдам орта. QuickWeb бағдарламалық құралы Windows жүйесін қоспастан веб—шолғышқа және басқа да байланыс немесе мультимедиа бағдарламаларына жылдам өтуге мүмкіндік береді. Қуат пернесін басқаннан кейін QuickWeb бірнеше секунд ішінде қосылуға дайын болады және оның құрамына төмендегілер кіреді:


- Веб-браузер — Интернетте шолу және іздеу жұмыстарын жүргізу, таңдаулы веб тораптарға сілтеме жасау.
- Чат — Google Talk, Windows Live Messenger, Yahoo! сияқты көптеген жылдам хабар алмасу бағдарламалары арқылы достармен сөйлесу. Messenger немесе басқа провайдерлер.
- Skype — басқа Skype пайдаланушыларымен тегін байланысуға мүмкіндік беретін Интернеттегі дауыстық байланыс протоколы (VoIP). Skype конференциялық қоңырау, бейне чат, сондай-ақ жер желісінде халықаралық қоңырау шалу мүмкіндіктерін ұсынады.
- Веб электрондық поштасы — Yahoo, Gmail және басқа веб электрондық пошта провайдерлері арқылы электрондық хаттарды көру және жіберу.
- Веб-күнтізбе — желідегі таңдаулы күнтізбе бағдарламасы арқылы жоспар кестесін көрсетуге, өзгертуге немесе реттеуге болады.
- Музыка ойнатқышы — сүйікті әндеріңізді тындап, ойнату тізімін жасау.
- Фото көрсеткіш — фотосуреттерді көру, альбомдар жасау және слайд-шоуларды көру.

HP QuickWeb бағдарламалық құрал параметрлерін алғашқы реттеу

Windows параметрлерін орнату үрдісі аяқталғаннан кейін жүйені алғаш қосқанда, QuickWeb параметрлерін орнату экрандары пайда болады. QuickWeb бағдарламалық құралды іске қосу үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Бағдарламаны қосу үшін, QuickWeb негізгі экранындағы белгішені басыңыз.

 QuickWeb негізгі экранының көрінісі осы бөлімдегі суреттен аздап басқаша болуы мүмкін.




 Келесі бөлімдерде QuickWeb параметрлерін реттеу үрдісі аяқталып, QuickWeb іске қосылды деп есептеледі. Қосымша ақпарат алу үшін, HP QuickWeb бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.


HP QuickWeb бағдарламасын пайдалану

QuickWeb бағдарламасы Windows жүйесін қоспастан веб-шолғышқа және басқа да байланыс немесе мультимедиа бағдарламаларына бірнеше секунд ішінде өтуге мүмкіндік береді. Компьютер өшірілгенде, QuickWeb бағдарламалық құралын іске қосу үшін:

1. Компьютерді қосыңыз. HP QuickWeb негізгі экраны көрсетіледі.
2. Бағдарламаны қосу үшін, QuickWeb негізгі экранындағы белгішені басыңыз.


 QuickWeb қосылған болса, ол компьютер әр қосылған сайын іске қосылып, **Start Windows** (Windows жүйесін қосу) белгішесінің үстінен автоматты таймер көрсетеді. Тінтуірді жылжытпасаңыз немесе пернені 15 секунд бойы баспай тұрсаңыз, компьютер Microsoft® Windows жүйесін қосады. QuickWeb таймері және оның параметрлерін өзгерту туралы қосымша ақпарат алу үшін, HP QuickWeb бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

Microsoft Windows жүйесін қосу

 QuickWeb іске қосылған болса, компьютер қосылған сайын іске қосылып тұрады. QuickWeb таймері және оның параметрлерін өзгерту туралы қосымша ақпарат алу үшін, HP QuickWeb бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

Microsoft Windows жүйесін қосу үшін:

1. Компьютерді қосыңыз. HP QuickWeb негізгі экраны көрсетіледі.
2. Тінтуірді жылжытпаңыз және пернені 15 секунд баспай тұрыңыз, сонда компьютер Microsoft Windows жүйесін бастайды немесе QuickWeb негізгі экранының шеткі сол жағындағы **Start Windows** (Windows жүйесін қосу) белгішесін басыңыз. Тілқатысу терезесі пайда болып, Windows жүйесін қосу керек пе деп сұрайды. **Yes** (Иә) түймешігін басыңыз.

 Тілқатысу терезесіндегі **Make Windows your default Power On experience** (Windows жүйесін әдепкі қосу параметрі ету) параметрін басы QuickWeb бағдарламалық құралын ажыратады. QuickWeb бағдарламалық құралын қайтадан қосу үшін, «HP QuickWeb бағдарламалық құралын қосу немесе өшіру» деп аталатын келесі бөлімді қараңыз.

HP QuickWeb бағдарламалық құралын қосу немесе өшіру




QuickWeb бағдарламасын Windows жүйесінде өшіру немесе қайта қосу үшін:

1. **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **HP QuickWeb > HP QuickWeb Configuration Tool** (HP QuickWeb конфигурациялау құралы) тармағын таңдаңыз.
2. **Состояние** (Күй) қойындысын ашып, **Разрешить** (Қосу) немесе **Запретить** (Сөндіру) жанына құсбелгі қойыңыз.
3. **ОК** түймешігін басыңыз.

HP QuickWeb конфигурациялау құралына **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару панелі) тармағын таңдап, содан кейін **View by** (Көру) көрсеткісін басып та қол жеткізуге болады. **Үлкен белгішелер** немесе **Кішкене белгішелер** тармағын таңдап, HP QuickWeb реттеу құралын табуға болады.



QuickWeb басқару түймешіктерін анықтау

Келесі кестеде QuickWeb басқару түймешіктері көрсетіліп, сипатталған.

Белгіше	Сипаттама
	Windows операциялық жүйесінің жұмысын бастайды.
	Компьютерді сөндіреді.
	Негізгі экранға оралады (тек таңдаулы үлгілерде).

Бастау тақтасының белгішелерін анықтау

Келесі кестеде HP QuickWeb белгішелер мен сипаттамалары берілген.

Белгіше	Сипаттама
	Веб-браузерді қосады. Таңдаулы веб-тораптар бетбелгілерін жасауға және веб-беттерді көруге болады.
	Чат қолданбасын қосады. Бұл Google Talk, Windows Live Messenger, Yahoo! Messenger және басқа да провайдерлермен үйлесімді жылдам хабар алмасу бағдарламасы.

(Жалғасы)

Белгіше Сипаттама



Skype құралын қосады. Skype – басқа Skype пайдаланушыларымен тегін байланысуға мүмкіндік беретін Интернеттегі дауыстық байланыс протоколы (VoIP).



Веб электрондық поштасын қосып, Gmail, Yahoo және басқа да веб электрондық пошта провайдерлері сияқты веб негізіндегі электрондық пошта бағдарламаларын көруге мүмкіндік береді.



Веб күнтізбесін қосып, желідегі сүйікті күнтізбе бағдарламасы арқылы әрекеттерді жоспарлауға және басқаруға мүмкіндік береді.



Музыка ойнатқышын қосады. Қатты дискіде немесе сыртқы дискіде сақталған әндерді таңдап, ойнатыңыз. .mp3, .aac (MPEG-4) және аудио CD форматтарын қолдайды.



Фото көрсеткішті қосады. Қатты дискіде немесе сыртқы дискіде сақталған фотосуреттерді көріп шығу. .jpg, .png, .gif, .tiff және таңдаулы .raw форматтарын қолдайды.

Хабарландыру белгішелерін анықтау

Келесі кестеде хабарландыру белгішелері анықталып, сипатталған.

Белгіше Сипаттама



USB дискісінің бар екенін көрсетеді. USB құрылғысы енгізілгенде USB белгішесі бар файл басқару терезесі ашылады. Файл басқару терезесін ашу үшін, **USB** белгішесін басыңыз. Құрылғыны қауіпсіз ажырататын мәзірді ашу үшін, **USB** белгішесін тінтуірдің оң жақ түймешігін басыңыз.



Желінің қосылғанын көрсетеді. Желі тілқатысу терезесін ашу үшін, **Желі** белгішесін басыңыз.



Желінің ажыратылғандығын көрсетеді. Желі тілқатысу терезесін ашу үшін, **Желі** белгішесін басыңыз.



Үндеткіштер мен микрофондар дыбысының деңгейін реттейді. Дыбыс деңгейін реттеу тілқатысу терезесін ашу үшін, **Дыбыс деңгейін реттеу** белгішесін басыңыз.



Дыбыстың өшіріліп тұрғанын көрсетеді. Дыбысты қайтадан қосу үшін, белгішені басыңыз.

(Жалғасы)

Белгіше	Сипаттама
---------	-----------



Параметрлер панелін ашады. Күн мен уақыт сияқты QuickWeb параметрлерін өзгерту үшін, параметрлер панелін пайдаланыңыз.



Компьютер айнымалы ток көзіне қосулы тұрғанын көрсетеді. Компьютер айнымалы ток көзіне қосылған кезде, ток сымы бар батарея белгішесі пайда болады. Сондай-ақ, бұл белгіше қуат параметрлерін басқарады.



Батареяның заряд деңгейін және оның айнымалы ток көзіне қосылмай тұрғанын көрсетеді. Компьютер тек батарея қуатымен жұмыс істегенде, белгіше тек батарея болып көрінеді.

- Компьютер айнымалы ток көзіне қосылған кезде айнымалы ток сымының суреті бар белгіше пайда болады.

- Компьютер тек батарея қуатымен жұмыс істегенде, белгіше тек батарея түрінде көрінеді.

Заряд деңгейі Батарея белгішесінің түсі арқылы көрсетіледі:

- Жасыл—заряды толық

- Сары—заряды аз

- Қызыл—заряды өте аз


Қуат параметрлерін реттейтін және батарея сыйымдылығын көрсететін мәзірді көрсету үшін, **батарея** белгішесін басыңыз.



QuickWeb бағдарламалық құралының анықтамасын көрсетеді.

Параметрлер панелін қолдану

1. Компьютерді қосқаннан кейін **Параметрлер** белгішесін басыңыз. Параметрлер тақтасының таңдау терезесі көрсетіледі.
2. Өзгерткіңіз келген жүйе параметріне қатысты белгішені басыңыз. Төмендегілердің кез келген бірін таңдаңыз:
 - Күні мен уақыты.**
 - Енгізу тілі.**
 - Тіл мен пернетақта.**
 - Желі.**
 - Жұмыс ортасының параметрлері.**
 - Экран параметрлері.**
 - Дыбыс деңгейін басқару.**
 - Қолданбалар.**

 Параметрлер тақтасында параметрлерді өзгерту туралы қосымша ақпаратты HP QuickWeb бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.

Желіні конфигурациялау

HP QuickWeb бағдарламасының параметрлері сымсыз байланыс параметрлерін HP QuickWeb конфигурация құралы көмегімен орнататын етіп реттеледі. Бұл құралды қолдану үшін, **Параметрлер** белгішесін басып, **Network** (Желі) тармағын таңдаңыз да, одан кейін **Enable Wi-Fi** (Wi-Fi байланысын қосу) терезесіне құсбелгісін қойыңыз. HP QuickWeb бағдарламасы және Windows амалдық жүйесінің көмегімен сымсыз байланысты орнату туралы қосымша ақпарат алу үшін, «Желі орнату» деп аталатын 6-тарауды және HP QuickWeb бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

Музыканы ойнату

Музыка ойнату үшін:

1. Мәзірдегі **Музыка** белгішесін басыңыз. Музыка ойнатқышы көрсетіледі.
2. Музыка ойнатқышы терезесінің сол жағындағы музыкалық файлдардан тұратын каталогқа жылжып барыңыз. Каталог қатты дискіде де, сыртқы дискіде де болады.
3. Терезенің оң жағындағы тізімнен ойнатылатын музыкалық файлды таңдаңыз.
4. Әндерді таңдап болған соң терезенің төменгі оң жағындағы **Воспроизвести** (Ойнату) белгішесін басыңыз.

Фотосуреттерді шолу

Фотосуреттерді көру үшін:

1. Бастау панеліндегі **Фотосуреттер** белгішесін басыңыз. Фото көрсеткіш терезесі көрсетіледі.
2. Фото көрсеткіш терезесінің сол жағындағы фотосуреттері бар каталогқа жылжыңыз. Каталог қатты дискіде де, сыртқы дискіде де болады. Фото көрсеткіш терезесінің оң жағында таңдалған каталогтағы барлық суреттердің кішірейтілген көріністері көрсетіледі.
3. Көргіңіз келген суреттің кішірейтілген түрін екі рет басыңыз. Фотосуреттердің кішірейтілген көріністері Фото көрсеткіш терезесінің астыңғы оң жағында көрсетіледі. Таңдалған фотосуреттің үлкейтілген түрі кішірейтілген түрінің үстінен шығады.
4. Үлкейтіп көргіңіз келген келесі суретті немесе оң жақ және сол жақ көрсеткіш пернелерін басу арқылы кішірейтілген суреттерді жылжытыңыз.

Чат көмегімен жылдам хабар жасау

Чат – Google Talk, Windows Live Messenger, Yahoo! Messenger және басқа да провайдерлермен үйлесімді жылдам хабар алмасу бағдарламасы.

Жылдам хабар алмасу сеансын бастау үшін:

1. Бастау панеліндегі **Чат** белгішесін басыңыз. Контактілер тізімінің терезесі және конфигурация құралы көрсетіледі.
2. Жылдам хабар алмасу протоколы үшін Чатты конфигурациялау және есептік жазба орнату туралы ақпарат алу үшін, таныстар тізімі терезесіндегі **Справка** (Анықтама) бөлімін басыңыз. Чат құралын қолданыстағы жылдам хабар алмасу есептік жазбасымен жұмыс істеу үшін де конфигурациялауға болады.

Skype көмегімен Интернет арқылы қоңырау шалу

Skype — басқа Skype пайдаланушыларымен тегін немесе ақылы байланысуға мүмкіндік беретін Интернеттегі дауыстық байланыс протоколы (VoIP). Көптеген халықаралық қоңырауға қарағанда арзан бағамен жер желісінде халықаралық қоңырау шалуыңызға болады.

Skype тіркелгісі бар болса, Skype көмегімен конференциялық қоңырау, бейне чат жүргізу үшін:

1. Бастау панеліндегі **Skype** белгішесін басыңыз. Skype құралына кіру терезесі көрінеді.
2. Skype бағдарламасында атыңызды және құпия сөзді теріп, **Sign in** (Тіркелу) түймешігін басыңыз.
3. Конференциялық қоңырау немесе бейне чат жүргізуді бастау үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Skype тіркелгіңіз болмаса, Skype көмегімен конференциялық қоңырау, бейне чат жүргізу үшін:

1. Бастау панеліндегі **Skype** белгішесін басыңыз. Skype құралына кіру терезесі көрінеді.
2. **Don't have a Skype Name yet?** (Әлі Skype атыңыз жоқ па?) сілтемесін басыңыз.
3. Жалғастырмас бұрын, Skype құралын пайдаланғаныңыз үшін алынатын төлемдер мен шарттарды түсініп алу үшін, «Жаңа есептік жазба жасау» терезесінің астыңғы жағында сілтемелер арқылы берілген мәліметтерді оқыңыз.





Skype құралын пайдалану туралы толық ақпарат алу үшін, бағдарламалық құралдың анықтамасын қараңыз.

4-тарау. Ақпаратты табу

Электрондық нұсқаулықтарды табу


Компьютер туралы, мысалы, қуат басқару, дискілер, жад, қауіпсіздік және басқа да мүмкіндіктер туралы толық ақпарат алу үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары)** тармағын тандаңыз. «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) орталығындағы пайдаланушы нұсқаулықтарын ашу үшін Интернетке қосылудың қажеті жоқ.



 Таңдаулы үлгілерде пайдаланушы нұсқаулықтары *User Guides* (Пайдаланушы нұсқаулықтары) дискісінде де берілуі мүмкін.

Қосымша ақпарат іздеу

Пайдаланушы нұсқаулықтарына қосымша, Анықтама және қолдау орталығы амалдық жүйе, драйверлер, ақаулықтарды түзету құралдары және техникалық қолдау жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз етеді. Анықтама және қолдау орталығына кіру үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) тармағын таңдаңыз. Арнайы ел не аймақ қолдауы үшін <http://www.hp.com/support> торабына өтіп, елді немесе аймақты таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **АБАЙЛАҢЫЗ:** Қатты жарақаттану қаупін азайту үшін, *Инструкция безопасного и удобного использования* (Қауіпсіз және ыңғайлы жұмыс істеу) нұсқаулығын оқыңыз. Мұнда компьютер пайдаланушылары үшін жұмыс орнын реттеу және дұрыс ұйымдастыру жолдары, денсаулық сақтау шаралары және компьютермен жұмыс істеу ережелері сипатталады. Сондай-ақ, *Инструкция безопасного и удобного использования* (Қауіпсіз және ыңғайлы жұмыс істеу) нұсқаулығы маңызды электр және механикалық қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат береді. Бұл құжатты алу үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) > **Руководства пользователя** (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз немесе кейбір үлгілермен бірге берілетін *User Guides* (Пайдаланушы нұсқаулықтары) дискісін қараңыз. *Инструкция безопасного и удобного использования* (Қауіпсіз және ыңғайлы жұмыс істеу) нұсқаулығын <http://www.hp.com/ergo> торабынан да алуға болады.

Қауіпсіздік пен ережелерге сәйкес келу туралы және батареяны тастау мәліметі бойынша қосымша ақпарат алу үшін, *Стандартқа сәйкес келу, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау туралы ережелер* бөлімін қараңыз. Осы ережелерді көру үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) > **Руководства пользователя** (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармақтарын таңдаңыз немесе кейбір үлгілермен бірге берілетін *User Guides* (Пайдаланушы нұсқаулықтары) дискісін қараңыз.

5-тарау. Компьютер қауіпсіздігі

Компьютерді вирустардан қорғау

Компьютерді электрондық поштамен жұмыс істеу немесе Интернет желісіне кіру үшін, пайдаланған кезде, амалдық жүйені, бағдарламаларды зақымдайтын немесе олардың дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіретін вирустар кіріп кетуі мүмкін.

Вирусқа қарсы бағдарламалық құрал көптеген вирустарды анықтап, көп жағдайларда олар келтірген зиянды жояды. Жаңадан шыққан вирустарға қарсы үздіксіз қорғауды қамтамасыз ету үшін, вирусқа қарсы бағдарламалық құралды үнемі жаңартып отыру керек.

Компьютерге Norton Internet Security бағдарламасы алдын ала орнатылған.

- Norton Internet Security нұсқасында 60 күндік тегін жаңартулар бар. HP 60 күннен кейін де компьютерді жаңа вирустардан кенейтілген жаңарту қызметтерін сатып алу арқылы қорғауды ұсынады.
- Norton Internet Security бағдарламалық қызметіне кіру үшін немесе қосымша ақпарат алу үшін, **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Norton Internet Security** тармағын таңдаңыз.

Жүйелік файлдарды қорғау

Амалдық жүйе және сақтық көшірме жасау мен қалпына келтіру бағдарламалық құралы жүйенің сақтық көшірмесін жасаудың және жүйе қызметін барынша қалпына келтірудің бірнеше жолын ұсынады. Қосымша ақпаратты «Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру» атты 8-тараудан қараңыз.

Құпиялылықты қорғау

Компьютерді электрондық поштамен жұмыс істеу немесе Интернет желісіне кіру үшін, пайдаланған кезде рұқсаты жоқ пайдаланушылар сіз немесе компьютер туралы ақпаратты ала алады.

Компьютердің құпиялылықты сақтап қалу мүмкіндіктерін оңтайлы ету үшін:

- Амалдық жүйе мен бағдарламалық құралды жаңартып отырыңыз. Көптеген бағдарламалық құрал жаңартуларында қауіпсіздікті күшейту қызметтері болады.
- Желіаралық қалқанды пайдаланыңыз. Желіаралық қалқан компьютерге келген ақпаратты қадағалап, нақты шарттарға сәйкес келмейтін хабарларды құлыптап отырады. Сонымен қатар, кейбір қалқандар шығатын ақпаратты да қадағалап отырады.

Компьютерді кернеу ауытқуларынан қорғау

Компьютерді кейбір қуат көздерінде немесе электр толқулары салдарынан болатын кернеу ауытқуларынан қорғау үшін:

- Компьютердің қуат сымын қосымша жоғары сапалы кернеу ауытқуынан қорғау құралына қосыңыз. Кернеу ауытқуынан қорғау құралын компьютер немесе электрондық құрылғы сатушыларынан табуға болады.
- Найзағай кезінде компьютерді батареямен қосыңыз немесе компьютерді өшіріп, қуат сымын ажыратып қойыңыз.
- Сіз тұратын жерде мүмкін болса, кернеу ауытқуларынан қорғау құралына модемді телефон желісіне қосатын модем кабелін де жалғаңыз. Телефон желісін кернеу ауытқуынан қорғау құралын компьютер немесе электрондық құрылғы сатушыларынан табуға болады.

Компьютерді өшіру

Компьютерді өшіру үшін:

1. Жұмысты сақтап, барлық бағдарламаларды жабыңыз.
2. **Пуск (Бастау) > Закрьть (Жабу)** тармақтарын таңдаңыз.

Компьютерді қауіпсіз пайдалану





АБАЙЛАҢЫЗ: Ток соғу қаупін немесе жабдықтың зақымдануын азайту үшін, мыналарға шолу жасаңыз:

- Қуат сымын барлық кезде оңай қол жететін айналымы тоқ розеткасына қосыңыз.
- Қуат сымын розеткадан суырып, компьютерді ажыратыңыз (қуат сымын компьютерден суырып алмаңыз).
- Егер қуат сымында үш істікшелі аша болса, оны жерге қосылған үш істікшелі ток көзіне жалғаңыз. Қуат сымының жерге қосу істікшесін, мысалы, 2 істікшелі адаптер қосу арқылы ажыратпаңыз. Жерге қосу істікшесі қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуде маңызды болып табылады.



АБАЙЛАҢЫЗ: Қатты жарақаттану қаупін азайту үшін, *Инструкция безопасного и удобного использования* (Қауіпсіз және ыңғайлы жұмыс істеу) нұсқаулығын оқыңыз. Мұнда компьютер пайдаланушылары үшін жұмыс орнын реттеу және дұрыс ұйымдастыру жолдары, денсаулық сақтау шаралары және компьютермен жұмыс істеу ережелері сипатталады. Сондай-ақ, *Инструкция безопасного и удобного использования* (Қауіпсіз және ыңғайлы жұмыс істеу) нұсқаулығы маңызды электр және механикалық қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат береді. Бұл құжатты алу үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) > **Руководства пользователя** (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз немесе кейбір үлгілермен бірге берілетін *User Guides* (Пайдаланушы нұсқаулықтары) дискісін қараңыз. *Инструкция безопасного и удобного использования* (Қауіпсіз және ыңғайлы жұмыс істеу) нұсқаулығын <http://www.hp.com/ergo> торабынан да алуға болады.

 **АБАЙЛАҢЫЗ:** Қызып кетумен байланысты зақымдарды немесе компьютердің қызып кетуін болдырмау үшін, компьютерді тізеңізге қоймаңыз немесе компьютердің желдеткіш саңылауын жаппаңыз. Компьютерді тек қатты, тегіс беттің үстіне қойып пайдаланыңыз. Қасында тұрған қосымша принтер сияқты қатты беттің немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ беттің ауа ағынын бөгеуіне жол бермеңіз. Сонымен қатар, жұмыс кезінде айнымалы ток адаптерінің теріге немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ бетке тимеуін қадағалаңыз. Компьютер және айнымалы ток адаптері Ақпараттық технология жабдығы қауіпсіздігінің халықаралық стандарты (IEC 60950) арқылы белгіленетін пайдаланушы үшін рұқсат етілген бет температурасына сәйкес келеді.

 **АБАЙЛАҢЫЗ:** Қауіпті азайту үшін, тек компьютермен бірге берілетін, HP компаниясы ұсынған қосымша, не болмаса HP керек-жарағы ретінде сатып алынған айнымалы ток адаптерін немесе батареяларды пайдаланыңыз.

Қауіпсіздік пен ережелерге сәйкес келу туралы және батареяны тастау мәліметі бойынша қосымша ақпарат алу үшін, *Стандартқа сәйкес келу, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау туралы ережелер* бөлімін қараңыз. Осы ережелерді көру үшін, **Пуск** (Бастау) > **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) > **Руководства пользователя** (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармақтарын таңдаңыз немесе кейбір үлгілермен бірге берілетін *User Guides* (Пайдаланушы нұсқаулықтары) дискісін қараңыз.

6-тарау. Желі байланысын орнату



Интернетке қосылуға арналған аппараттық және бағдарламалық құрал мүмкіндіктері компьютер моделі мен сіз тұрған жерге байланысты болады.

Интернетке қосылу түрін таңдау

Компьютерде Интернетке қосылудың екі түрі болады:

- **Сымсыз байланыс**—Интернетке мобильді қосылу үшін сымсыз байланысты пайдалануға болады. Компьютерді бар желіге қосу немесе сымсыз желі орнату туралы ақпарат алу үшін, «Бар сымсыз желіге қосылу» немесе «Сымсыз желі орнату» бөлімін қараңыз.
- **Сымды**—Интернетке RJ-11 (модем) ұясына (моделіне қарай) қосылған модем кабелін (бөлек сағылады) пайдаланып, қызмет жеткізушіні теру арқылы немесе RJ-45 (желі) ұясын пайдаланып, кең ауқымды желі арқылы қосылыңыз.

Компьютердің желіге қосылу мүмкіндіктері байланыстың төмендегі түрлерін қолдану арқылы жоғары жылдамдықты, кең ауқымды Интернет қызметін жеткізушіге қосады:

- Кабельді модем.
- Сандық абоненттік желі (DSL).
- Спутник.
- Қосымша қызметтер.

Кең жолақты кіру Интернет қызметтерінің провайдері (ISP) беретін қосымша аппараттық немесе бағдарламалық құралды талап етуі мүмкін.

Интернет провайдерін таңдау

Интернетке қосылмас бұрын, интернет қызметін орнатып алыңыз. Компьютерде жаңа Интернет жазбасын орнату немесе компьютерді бар жазбаны пайдаланатын етіп реттеу үшін, көмектесетін келесі бағдарламалық құрал мүмкіндіктері бар:

- Интернет қызметтері мен ұсыныстары (кейбір жерлерде бар)
- ISP провайдері беретін белгішелер (кейбір жерлерде бар)
- Windows Интернетке қосылу шебері (барлық жерлерде бар)

Интернет қызметтері мен ұсыныстарын пайдалану

Егер компьютерді сатып алған елде немесе аймақта Интернет қызметтері мен ұсыныстары мүмкіндігіне қолдау көрсетілетін болса, мүмкіндікті **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Оперативные службы (Онлайн қызметтері) > Подключиться к Интернету (Интернетке қосылу)** тармақтарын таңдау арқылы пайдалануға болады.

Интернет қызметтері мен ұсыныстары мүмкіндігі келесі тапсырмаларды орындауға көмектеседі:

- Жаңа Интернет жазбасын тіркеу
- Компьютер параметрлерін бар жазбаны пайдалану үшін реттеу

ISP провайдері берген белгішелерді пайдалану

Компьютерді сатып алған елде немесе аймақта ISP провайдері берген белгішелер қолданылатын болса, белгішелер не Windows жұмыс үстелінде жеке-жеке көрсетілуі, не жұмыс үстеліндегі «Қосылған қызметтер» қалтасында топталуы мүмкін.

Компьютерде жаңа Интернет жазбасын орнату немесе компьютер параметрлерін бар жазбаны пайдаланатын етіп реттеу үшін, белгішені екі рет басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Windows Интернетке қосылу шеберін пайдалану

Windows Интернетке қосылу шеберін мына жағдайларды интернетке қосылу үшін пайдаланыңыз:

- Егер Интернет қызметтерін жеткізуші жазбасы болса.
- Егер Интернет қызметтерін жеткізуші дискісі болса.
- Интернет жазбасы жоқ, бірақ шебер ұсынған тізімнен ISP провайдерін таңдап алу керек болса. (ISP провайдерлерінің тізімі барлық аймақтарда бола бермейді).
- Тізімде жоқ ISP провайдері таңдалса және ISP провайдері сізге арнайы IP мекенжайы, POP3 және SMTP параметрлері сияқты ақпарат берген жағдайда.

Windows Интернетке қосылу шебері мен шеберді пайдалануға арналған нұсқауларды ашу үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау)** тармағын таңдаңыз, одан кейін Іздеу жолағында **> Мастер подключения к Интернету (Интернетке қосылу шебері)** деп теріп іздеңіз.



Windows шебер желіаралық қалқанын қосу немесе өшіру арасында таңдау жасауды ұсынған жағдайда қалқанды қосуды таңдаңыз.

Бар сымсыз желіге қосылу

Компьютерді бар сымсыз желіге қосу үшін:

1. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында желі белгішесін басыңыз.
2. Желіні таңдаңыз.
3. **Подключиться** (Қосылу) түймешігін басыңыз.
4. Қажет болса, қауіпсіздік кілтін енгізіңіз.


Сымсыз желі байланысын орнату

Осы бөлімде сымсыз жергілікті желі (WLAN) деп те аталатын әдеттегі үй немесе шағын кеңсеге арналған сымсыз желі параметрлерін сымсыз компьютер арқылы реттеу үшін қажетті қадамдар сипатталған.

Сымсыз желі байланысын орнатып, Интернетке қосылу үшін, төмендегі құралдар қажет:

- Кең жолақты модем (DSL немесе кабельді) және Интернет қызметтері провайдерінен (ISP) сатып алынған жоғары жылдамдықты Интернет қызметі.
- Сымсыз жол жоспарлағыш (бөлек сатып алынады).
- Жаңа сымсыз компьютер.

Суретте Интернетке және сымды компьютерге қосылған толық сымсыз желі байланысын орнату мысалы көрсетілген. Желінің ұзару барысында Интернетке қосылу үшін, желіге қосымша сымсыз және сымды компьютерлерді қосуға болады.



*Орнату іс реті өндірушісіне байланысты өзгешеленуі мүмкін

1-қадам: жоғарғы жылдамдықты Интернет қызметін сатып алу

Жоғары жылдамдықты Интернет қызметі (DSL, кабельді немесе спутникті) бар болса, «2-қадам: Сымсыз жол жоспарлағышты сатып алу және орнату» бөлімінен бастаңыз.

Жоғары жылдамдықты Интернет қызметі болмаса:

1. Жоғарғы жылдамдықты Интернет қызметін және DSL немесе кабельді модемді сатып алу үшін, жергілікті Интернет қызметтері провайдерімен хабарласыңыз. Интернет провайдері модем параметрлерін реттеуге, сымсыз компьютерді модемге қосу үшін желі кабелін орнатуға және Интернет қызметін тексеруге көмектеседі.
2. ISP провайдері Интернетке кіру үшін пайдаланушы идентификациялық нөмірі мен құпия сөз береді. Бұл ақпаратты жазып алып, сенімді жерде сақтаңыз.

2-қадам: сымсыз жол жоспарлағышты сатып алу және орнату

Жол жоспарлағыш өндірушісі ұсынған нұсқауларды орындай отырып сымсыз жол жоспарлағыш пен сымсыз компьютерді орнатпас бұрын, осы бөлімді мұқият оқып шығыңыз. Жол жоспарлағышты орнату барысында техникалық көмек қажет болса, жол жоспарлағыш өндірушісімен хабарласыңыз.



HP жол жоспарлағышпен бірге жеткізілетін кабель арқылы жаңа сымсыз компьютерді жол жоспарлағышқа уақытша жалғауды ұсынады. Бұл компьютерді Интернетке қосады.

1. Компьютердегі сымсыз байланыс өшіп тұрғанын тексеріңіз. Сымсыз байланыс шамы жанып тұрса, сымсыз байланыс түймешігін басып, оны өшіріңіз. Сымсыз байланыс түймешігін немесе шамын табу туралы анықтама алу үшін, «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) бөліміндегі Пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
2. Жол жоспарлағышты орнату барысында жол жоспарлағыш өндірушісінің бағдарламалық құралы желі атауын (SSID) өзгерту және сымсыз желінің қауіпсіздігін қорғауды қосу мүмкіндігін береді. Жол жоспарлағыштардың көбі әдепкі желі атауымен және қауіпсіздік жүйесі ажыратылып жеткізіледі. Жол жоспарлағыш параметрлерін реттеу барысында әдепкі желі атауы өзгертілсе немесе қауіпсіздік жүйесі қосылса, ақпаратты жазып алып, қауіпсіз жерде сақтаңыз. Осы ақпарат компьютер параметрлерін реттеу және басқа да компьютерлер арқылы жол жоспарлағышқа қол жеткізу барысында қажет болады.



Қауіпсіздік жүйесі қосылмаған жағдайда рұқсат етілмеген сымсыз пайдаланушы компьютердегі мәліметтерге қол жеткізіп, Интернетке қосыла алады. Сымсыз жүйені қауіпсіздендіру туралы қосымша ақпарат алу үшін, анықтама және қолдау ішіндегі пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

Windows амалдық жүйесі де сымсыз желі алғаш рет орнатылғанда көмектесетін құралдарды ұсынады. Желі параметрлерін орнату мақсатында Windows құралдарын пайдалану үшін, **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Сеть и Интернет** (Желі және Интернет) > **Интернет и центр управления сетями и общим доступом** (Желі және ортақ пайдалану орталығы) > **Установить новое подключение или сеть** (Жаңа байланыс немесе желі орнату) > **Установить новую сеть** (Жаңа желі орнату) тармағын таңдаңыз.

3-қадам: компьютер параметрлерін сымсыз желіге қосу үшін реттеу

1. Сымсыз компьютер өшірілген болса, оны қосыңыз.
2. Сымсыз байланыс шамы өшіп тұрса, сымсыз байланыс түймешігін басып, оны қосыңыз. Сымсыз байланыс түймешігін немесе шамын табу туралы анықтама алу үшін, «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) бөліміндегі Пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
3. Компьютерді сымсыз желіге қосу:
 - a. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында желі белгішесін басыңыз.
 - b. Желіні таңдаңыз.
 - c. **Подключиться** (Қосылу) түймешігін басыңыз.
 - d. Қажет болса, қауіпсіздік кілтін енгізіңіз.
 - e. Интернет браузерді ашып, веб-торапқа өтіңіз де, сымсыз желіні тексеріңіз.

Сымды желіге қосылу

Сымды желіге қосылу RJ-11 модем кабелін (компьютер бөліктерінде қамтылмаған) немесе RJ-45 желі кабелін (компьютер бөліктерінде қамтылмаған) қажет етеді. Кабельдің теледидар мен радио кедергілерінен қорғайтын кедергілерді басу құрылғысы ❶ болса, кабельдің құрылғысы бар ұшын ❷ компьютерге қаратыңыз.



Кабельді жалғау үшін:

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ: Ток соғу, өрт шығу немесе жабдықтарды зақымдау қаупін азайту үшін, RJ-45 (желілік) ұясына телефон немесе модем кабелін жалғаманыз.

1. Кабельді компьютердегі ұяға ❶ жалғаңыз.
2. Кабельдің екінші ұшын қабырғадағы ұяға ❷ жалғаңыз.



7-тарау. Бағдарламалық құралды пайдалану

Компьютерде алдын ала орнатылған бағдарламалық құрал болады. Сондай-ақ, кейбір модельдердің оптикалық дискісінде қосымша бағдарламалық құрал болады.

Компьютердегі бағдарламалық құралды төмендегі және көптеген басқа тапсырмаларды орындау үшін пайдалануға болады:

- Сандық мультимедиалық файлдарды, аудио және бейне ықшам дискілерін, аудио және бейне DVD дискілерін, Blu-ray дискілері (BD) мен Интернеттегі радионы ойнату
- Интернет радионы тыңдау
- Ықшам дискілер жасау (жазу)
- Аудио ықшам дискілерін жазу және өңдеу
- Бейне DVD немесе бейне ықшам дискілерін жазу және өңдеу

Бұл тарауда осы тапсырмалардың кейбірін орындау әдісі, сондай-ақ, компьютердегі бағдарламалық құралды анықтау және жаңарту әдістері түсіндіріледі.

Орнатылған бағдарламалық құралды анықтау

Компьютерде алдын ала орнатылған бағдарламалық құралдар тізімін көру үшін, **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдаңыз.



Бағдарламаны ашу үшін, оның атауын екі рет басыңыз.



Компьютердегі бағдарламалық құралды пайдалану туралы қосымша ақпарат алу үшін, бағдарламалық құралмен бірге дискіде берілетін немесе бағдарламалық құрал өндірушісінің веб-торабында болатын өндіруші тарапынан берілген нұсқауларды қараңыз.



Windows® жүйесінде компьютердің қауіпсіздігін жақсартуға арналған пайдаланушы жазбасын басқару мүмкіндігі бар. Бағдарламалық құралды орнату, утилиталарды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін, сізден рұқсат немесе құпия сөз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін, Анықтама және қолдау тармағын қараңыз.

HP TouchSmart бағдарламалық құралын немесе HP MediaSmart бағдарламалық құралын пайдалану

Компьютердің түріне қарай оның ішінде алдын ала орнатылған HP TouchSmart немесе HP MediaSmart бағдарламалық құралы бар. TouchSmart және MediaSmart компьютерді мобильді ойын-сауық орталығына айналдырады. Музыка және DVD мен BD фильмдерін тыңдап, көруге болады. Сонымен қатар, фотосурет жинақтарын басқарып, өңдеуге болады.

TouchSmart және MediaSmart құралдары келесі мүмкіндіктерді қамтиды:

- Интернет теледидары. Теледидар көрсетулері мен арналары ауқымын, сондай-ақ, Интернет қосылымымен компьютерлерге толық экранды режимде таратылатын HP теледидар арнасын көруге мүмкіндік береді.
- Фотосурет пен бейнені жүктеуді қолдау, мысалы:
 - MediaSmart фотосуреттерін Snapfish сияқты Интернеттегі фотосурет сақтау тораптарына жүктеңіз.
 - Үйдегі бейнелерді (мысалы, кірістірілген веб-камера көмегімен жасалған күлкілі бейнелерді) тікелей YouTube торабына жүктеңіз.
- Pandora Интернет радиосы (Солтүстік Америкада ғана). Тек сіз үшін таңдалған музыканың Интернеттегі таралымын тыңдаңыз.

TouchSmart немесе MediaSmart құралдарын қосу үшін, тапсырмалар тақтасындағы **TouchSmart** белгішесін немесе **MediaSmart** белгішесін екі рет түртіңіз.

MediaSmart бағдарламалық жасақтамасын пайдалану туралы ақпарат алу үшін, **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) тармағын таңдаңыз да, одан кейін Поиск (Іздеу) жолағына MediaSmart деп теріңіз.

Бағдарламалық құралды оптикалық дискіден орнату

Кез келген бағдарламалық құралды оптикалық құралдан орнату үшін:

1. Дискіні оптикалық жинақтағыш диск жетегіне салыңыз.
2. Орнату шебері ашылғанда, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
3. Сұралған жағдайда, компьютерді қайта іске қосыңыз.



Компьютердегі бағдарламалық құралды пайдалану туралы ақпарат алу үшін, бағдарламалық құрал өндірушісі тарапынан берілген нұсқауларды қараңыз. Бұл нұсқаулар бағдарламалық құралмен бірге дискіде немесе өндірушінің веб-торабында берілуі мүмкін.

Ықшам немесе DVD дискісін жасау (жазу)

Егер компьютерде CD-RW, DVD-RW немесе DVD+RW дискілерін қолдайтын оптикалық жинағыш диск орнатылған болса, Cyberlink Power2Go сияқты бағдарламалық жасақтаманың көмегімен деректік және аудио файлдарды, соның ішінде MP3 және WAV пішіміндегі музыкалық файлдарды жазуға болады.



Cyberlink Power2Go бағдарламасының көмегімен аудио DVD дискісін жасау мүмкін емес.

Ықшам дискіні немесе DVD дискісін жазу үшін, келесі қадамдарды орындаңыз:

- Дискіге жазбас бұрын, кез келген ашық файлдарды сақтап жабыңыз да, барлық ашық бағдарламаларды жабыңыз.
- Негізінен, деректік файлдарды жазу немесе аудио не бейне жазбаларды өзгертуге келмейтін ықшам дискіге немесе DVD дискісіне жазбас бұрын тексеру үшін, CD-RW немесе DVD-RW дискілері дұрысырақ болып табылады.
- CD-R немесе DVD-R дискілері аудио файлдар жасау үшін жақсы, себебі ақпарат көшірілгеннен кейін, ол өзгертілмейді.
- Үйдегі және көліктегі стерео құрылғылары CD-RW дискілерін ойнатпайтындықтан, CD-R дискісін музыкалық ықшам дискілерін жазу үшін пайдаланыңыз.
- Үй жүйелерінде қолданылатын DVD ойнатқыштары әдетте барлық DVD пішімдерін қолдай бермейді. Қолданылатын пішімдер тізімін DVD ойнатқышымен бірге келетін өндіруші нұсқаулығынан қараңыз.
- MP3 файлдары басқа музыкалық пішімдермен салыстырғанда, дискіде азырақ орын алады және MP3 дискісін жазу үрдісі деректік файлды жазу үрдісіне ұқсайды. MP3 файлдарын тек MP3 ойнатқыштарында немесе MP3 бағдарламалық құралы орнатылған компьютерлерде ойнатуға болады.

Ықшам дискіні немесе DVD дискісін жазу үшін:

1. Бастапқы файлдарды қатты дискідегі қалтаға жүктеп алыңыз немесе көшіріңіз.
2. Оптикалық жинағыш дискіге бос ықшам дискіні немесе DVD дискісін салыңыз.
3. **Пуск (Бастау) > Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармағын, одан кейін пайдаланылатын бағдарламаның атауын таңдаңыз.
4. Деректер, аудио немесе бейне жасалынатын ықшам дискінің немесе DVD дискісінің түрін таңдаңыз.
5. **Пуск (Бастау)** тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Открыть Windows Explorer** (Windows Explorer шолғышын ашу) тармағын таңдап, бастапқы файлдар сақталған қалтаны ашыңыз.
6. Қалтаны ашып, одан кейін файлдарды бос оптикалық диск бар драйверге жүктеніз.
7. Жазу үрдісін өзіңіз таңдаған бағдарламамен көрсетілгендей бастаңыз.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Ақпараттың жоғалуын немесе дискіні зақымдау қаупін алдын алу үшін:
- Дискіге жазбас бұрын, компьютерді сенімді сыртқы қуат көзіне жалғаңыз. Компьютер тек батарея күшімен жұмыс істеп тұрғанда, дискіге жазбаңыз.
 - Дискіге жазуды бастамас бұрын, пайдаланып отырған диск жазу бағдарламалық құралынан басқа барлық ашық бағдарламаларды жабыңыз. Тікелей бастапқы дискіден көшірме дискіге немесе желі жетегінен көшірме дискіге жазбаңыз. Оның орнына, бастапқы дискіден немесе желі жетегінен қатты дискіңізге көшіріп алып, одан кейін ғана қатты дискіден көшірме дискіге жазыңыз.
 - Компьютер дискіге жазып жатқанда, компьютердің пернетақтасын пайдаланбаңыз немесе компьютерді жылжитпаңыз. Жазу үрдісі дірілге сезімтал келеді.
-

- △ **ЕСКЕРТУ:** Авторлық құқықтар жөніндегі ескертулерді орындаңыз. Авторлық құқықпен қорғалған материалдың, соның ішінде компьютер бағдарламаларының, фильмдердің, хабарлардың және дыбыс жазбаларының көшірмелерін рұқсатсыз жасау қолданыстағы авторлық құқық туралы заңдарға сәйкес қылмыстық заң бұзушылық болып табылады. Бұл компьютерді ондай мақсаттарда пайдаланбаңыз.
-

Компьютерде орнатылған бағдарламалық құралды жаңарту

Көптеген бағдарламалық құралдар, соның ішінде амалдық жүйе, өндіруші немесе провайдер тарапынан жиі жаңартылып отырады. Компьютер зауыттан шығарылған мезеттен бастап, компьютерде орнатылған бағдарламалық құралдың маңызды жаңартулары шығарылуы мүмкін.

Кейбір жаңартулар компьютердің қосымша бағдарламалық құралға немесе сыртқы құрылғыларға жауап беру жолына әсер етуі мүмкін. Жаңартулардың көбі жақсартылған қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Амалдық жүйе мен компьютерге орнатылған басқа да бағдарламалық құралды Интернетке қосылған сайын жаңартып отырыңыз. Орнатылған бағдарламалық құралды жаңартуға арналған сілтемелерге өту үшін, Анықтама және қолдау тармағын қараңыз.

8-тарау. Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру

Амалдық жүйе мен HP Recovery Manager бағдарламалық құралдары ұсынатын құралдар ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жүйе қателігі орын алған жағдайда қалпына келтіру үшін, төмендегі тапсырмаларды орындауға көмектеседі:

- Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау
- Қалпына келтіру дискілерінің жинағын жасау
- Жүйені қалпына келтіру нүктелерін жасау
- Бағдарламаны немесе драйверді қалпына келтіру
- Толық жүйені қалпына келтіру

Қалпына келтіру дискілерін жасау

HP компаниясы күрделі жүйе ақаулығына немесе тұрақсыздығына ұшыраған жағдайда жүйені бастапқы зауыттық күйіне қалпына келтіре алатыныңызға сенімді болу үшін, қалпына келтіру дискілерін жасауды ұсынады. Ол дискілерді компьютер параметрлері бірінші рет реттелгеннен кейін жасаңыз.

Ол дискілермен абайлап жұмыс істеп, қауіпсіз жерде сақтап қойыңыз. Бағдарламалық құрал қалпына келтіру дискілерінің бір ғана жинағын жасау мүмкіндігін береді.

Қалпына келтіру дискілерін жасамас бұрын:



- Сапасы жоғары DVD-R, DVD+R немесе CD-R дискілерін пайдаланыңыз. Бұл дискілердің барлығы бөлек сатып алынады. DVD дискілерінің сыйымдылығы ықшам дисктердегі сыйымдылықтан әлдеқайда артық. Ықшам дисктерді пайдаланғанда, оардың 20 данасы қажет болуы мүмкін, ал DVD дискісінің тек бірнешеуі жеткілікті болады.
- ✎ CD-RW және DVD±RW дискілері сияқты қос қабатты және оқу-жазу дискілері Recovery Manager бағдарламалық құралымен үйлесімді емес.
- Бұл үрдісті орындау барысында компьютер айнымалы ток қуатына қосылуы тиіс.
- Бір компьютер үшін қалпына келтіру дискілерінің бір ғана жинағын жасауға болады.
- Әр дискіні компьютердің оптикалық диск жетегіне салмас бұрын нөмірлеңіз.
- Қажет болса, бағдарламадан қалпына келтіру дискілерін жасауды аяқтамай шығуға болады. Келесі жолы Recovery Manager бағдарламалық құралын ашқанда, қалпына келтіру дискілерін жасауды жалғастыру туралы нұсқау аласыз.

Қалпына келтіру дискілерінің жинағын жасау үшін:

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Recovery Manager > Создание диска восстановления (Қалпына келтіру дискілерін жасау)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау


Жаңа бағдарламалық құрал мен деректік файл қосылатындықтан, қажетті ең соңғы сақтық көшірмеңіз болуы үшін жүйеңіздің сақтық көшірмесін кезеңді түрде жасап отыру керек. Келесі кезеңдер бойынша жүйеңіздің сақтық көшірмесін жасаңыз:

- Кезеңді түрде кестеленген негізде
 -  Кезеңді түрде ақпараттың сақтық көшірмелерін жасау үшін, еске салғыштарды орнатыңыз.
 - Компьютерді жөндеместен немесе қалпына келтірместен бұрын
 - Ақпараттық немесе бағдарламалық құралды қоспастан не өзгертпестен бұрын
- Сақтық көшірмені жасаған кезде:
- Windows жүйені қалпына келтіру мүмкіндігінің көмегімен жүйені қалпына келтіру нүктелерін жасау және одан кейін оларды тұрақты түрде дискіге көшіру.
 - Жеке файлдарды құжаттар кітапханасына сақтап, олардың сақтық көшірмелерін мерзімді түрде жасап тұрыңыз.
 - Сақтық көшірме үлгілері сәйкес бағдарламаларда сақталады.
 - Бейімделген параметрлерді терезеде, құралдар тақтасында немесе мәзір жолында параметрлердің экрандағы суретін жасау жолымен сақтаңыз. Экран суреті параметрлерді қайта орнату кезінде уақытты үнемдейді.
- Экранды көшіріп, суретті мәтінді өңдеу құжатына қою үшін:
- a. Экранды ашыңыз.
 - b. Экранды көшіріңіз:
Тек белсенді терезені көшіру үшін, **alt+fn+prt sc** пернелер тіркесімін басыңыз.
Тұтас экранды көшіру үшін, **fn+prt sc** пернелер тіркесімін басыңыз.
 - c. Мәтіндерді өңдеу құжатын ашып, **Правка > Вставить** (Өңдеу Қою) тармақтарын тандаңыз.
 - d. Құжатты сақтаңыз.
- Қосымша сыртқы қатты дискіге, желілік дискіге немесе дискілерге ақпараттың сақтық көшірмесін жасауға болады.
 - Дискілерге сақтық көшірме жасаған кезде, дискілердің (бөлек сатып алынады) мына түрлерінің кез келгенін қолданыңыз: CD-R, CD-RW, DVD+R, DVD-R немесе DVD±RW. Дискілер компьютерде орнатылған оптикалық жинақтағыш түріне байланысты пайдаланылады.
 -  Бқшам дискілерге қарағанда, DVD дискілеріне көбірек ақпарат сыятындықтан, сақтық көшірме жасау кезінде, оларды пайдалану дискілер санын азайту үшін пайдаланады.
 - Сақтық көшірме жасау кезінде, әрбір дискіні компьютердің оптикалық диск жетегіне салмай тұрып нөмірлеңіз.


Windows сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану

Windows сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру мүмкіндігінің көмегімен сақтық көшірме жасау үшін:

 Сақтық көшірме жасау үрдісін бастамас бұрын, компьютердің айналымы тоқ қуатына қосылғанын тексеріңіз.


 Сақтық көшірме жасау үрдісіне файл өлшемі мен компьютер жылдамдығына байланысты бір сағаттан артық уақыт кетуі мүмкін.

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Обслуживание (Қызмет көрсету) > Резервное копирование и восстановление (Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру)** тармағын таңдаңыз.
2. Сақтық көшірмені орнатып, жасау үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 Windows жүйесінде компьютердің қауіпсіздігін жақсартуға арналған пайдаланушы жазбасын басқару мүмкіндігі бар. Бағдарламалық құралды орнату, утилиталарды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін, сізден рұқсат немесе құпия сөз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін, Анықтама және қолдау тармағын қараңыз.

Жүйені қалпына келтіру нүктелерін пайдалану

Жүйенің сақтық көшірмесін жасағанда, жүйені қалпына келтіру нүктесін жасайсыз. Жүйені қалпына келтіру нүктесі уақыттың бір мезетінде қатты дискінің суретін сақтап, атау мүмкіндігін береді. Одан кейін жүйеге енгізілген қандай да бір өзгертулерді қайтаратын кезде, осы нүктеге дейін қалпына келтіруге болады.


 Бастапқы қалпына келтіру нүктесіне қайтару соңғы қалпына келтіру нүктесінен бері сақталған деректер файлдарына немесе жасалған электрондық хаттарға әсер етпейді.

Сонымен қатар, жүйелік файлдар мен параметрлердің қауіпсіздігін арттыру үшін, қосымша қалпына келтіру нүктелерін жасауға болады.

Қалпына келтіру нүктелері жасалатын уақыт

Қалпына келтіру нүктелерін жасау:

- Аппараттық немесе бағдарламалық жасақтаманы кеңінен жетілдірер немесе қосар алдында.
- Кезенді түрде, жүйе онтайлы жұмыс істеп тұрғанда.

 Қалпына келтіру нүктесіне келтіріп, ойыңызды өзгертсеңіз, қалпына келтіруді қайтаруға болады.

Жүйенің қалпына келтіру нүктелерін жасау

Жүйенің қалпына келтіру нүктесін жасау

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и её безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Система** (Жүйе) тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ аумақта, **Защита системы** (Жүйе қорғанысы) тармағын таңдаңыз.
3. **Защита системы** (Жүйені қорғау) қойындысын басыңыз.
4. Параметры защиты (Қорғау параметрлері) тармағының астынан қалпына келтіру нүктесі жасалатын дискіні таңдаңыз.
5. **Создать** (Жасау) түймешігін басыңыз.
6. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Алдыңғы күн мен уақыт бойынша қалпына келтіру

Компьютер оңтайлы жұмыс істеп тұрғанда қалпына келтіру нүктесіне қайту (алдыңғы күн мен уақытта жасалған) үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:


1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и её безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Система** (Жүйе) тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ аумақтағы **Защита системы** (Жүйені қорғау) тармағын таңдаңыз.
3. **Защита системы** (Жүйені қорғау) қойындысын басыңыз.
4. **Восстановление системы** (Жүйені қалпына келтіру) тармағын таңдаңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


Қалпына келтіруді орындау



Тек алдын ала сақтық көшірмесі жасалған файлдарды ғана қалпына келтіруге болады. HP компаниясы қалпына келтіру дискілерінің жинағын (түгел дискінің сақтық көшірмесін жасау) жасау үшін, компьютер параметрлері реттеле салысымен Recovery Manager бағдарламалық құралын пайдалануды ұсынады.

Recovery Manager бағдарламалық құралы жүйе қателігіне немесе тұрақсыздыққа тап болған жағдайда жүйені жөндеу немесе қалпына келтіру мүмкіндігін береді. Recovery Manager бағдарламасы жасалған қалпына келтіру дискілерінде немесе қатты дискідегі арнаулы қалпына келтіру бөлімінде (таңдаулы үлгілерде ғана) жұмыс істейді. Дегенмен, жартылай өткізгішті диск (SSD) орнатылған компьютерде арнаулы қалпына келтіру бөлімі болмауы мүмкін. Бұл жағдайда қалпына келтіру дискілері компьютермен бірге жеткізіледі. Бұл дискілерді амалдық жүйе мен бағдарламалық құралды қалпына келтіру үшін пайдаланыңыз.

 Windows жүйесінде жүйені қалпына келтіру сияқты бекітілген жөндеу мүмкіндіктері бар. Бұл мүмкіндіктер қолданылмаған жағдайда, Recovery Manager бағдарламалық құралын пайдаланбас бұрын, мүмкіндіктерді қолданып көріңіз. Кірістірілген жөндеу мүмкіндіктерін пайдалану туралы қосымша ақпарат алу үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) тармағын таңдаңыз.

 Recovery Manager бағдарламалық құралы зауытта орнатылған бағдарламалық құралды ғана қалпына келтіреді. Осы компьютермен бірге берілмеген бағдарламалық құралды өндіруші веб-торабынан жүктеп алу немесе өндіруші берген дискіден қайтадан орнату керек.


Қалпына келтіру дискілері арқылы қалпына келтіру

Жүйені қалпына келтіру дискілерінен қалпына келтіру үшін:


1. Барлық жеке файлдардың сақтық көшірмелерін жасаңыз.
2. Қалпына келтіру дискілерінің біріншісін оптикалық жинақтағыш дискіге салып, компьютерді қайта қосыңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қатты диск бөлігін пайдалану арқылы қалпына келтіру (таңдаулы үлгілерде ғана)

Қатты дискідегі бөлімнен қалпына келтіруді Пуск (Бастау) түймешігін немесе **f11** перенесін басу арқылы орындаңыз. Ол компьютердің зауыттық күйін қалпына келтіреді.


 Жартылай өткізгішті дискісі (SSD) бар компьютерде қалпына келтіру бөлімі болмауы мүмкін. Компьютерде қалпына келтіру бөлімі болмаса, бұл үрдісті пайдаланып, қалпына келтіру әрекетін орындай алмайсыз. Қалпына келтіру бөлімі жоқ компьютерлердің құрамына қалпына келтіру дискілері кіреді. Бұл дискілерді амалдық жүйе мен бағдарламалық құралды қалпына келтіру үшін пайдаланыңыз.

Жүйені бөлімнен қалпына келтіру үшін:

1. Recovery Manager бағдарламалық құралын келесі әдістердің бірімен ашыңыз:
Пуск (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Recovery Manager** > **Recovery Manager** тармақтарын таңдаңыз.
– немесе –
 - a. Компьютерді қосыңыз немесе қайта қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін, ESC пернесін басыңыз) мәтіні шыққанда, **esc** пернесін басыңыз.
 - b. **f11** пернесін экранда қалпына келтіру хабары үшін <F11> пернесі шыққанда басыңыз. Recovery Manager бағдарламасын жүктеу бірнеше минутты алуы мүмкін.
2. Recovery Manager терезесінен **Восстановление системы** (Жүйені қалпына келтіру) тармағын таңдаңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

9-тарау. Күнделікті күтім


Дисплейді тазалау

 **ЕСКЕРТУ:** компьютер істен шықпау үшін, дисплейге су, тазалайтын сұйықтық немесе химиялық заттар шашпаңыз.

Дақ пен шаңнан тазалау үшін, дисплейді жұмсақ, дымқыл және талшықсыз шүберекпен жиі сүртіп тұрыңыз. Егер экранды қосымша тазалау қажет болса, алдын ала ылғалдандырылған антистатикалық салфетка немесе экран тазалағышты пайдаланыңыз.

TouchPad және пернетақтаны тазалау

TouchPad панелінің беті кір немесе май болса, меңзер экран бетінде бір қалыпты жылжымайды. Бұған жол бермеу үшін, TouchPad дымқыл шүберекпен сүртіңіз және компьютерді пайдаланғанда, қолыңызды жиі жуып тұрыңыз.

 **АБАЙЛАҢЫЗ:** пернетақтаны ток соғуын болдырмай немесе ішкі бөліктеріне зақым келтірмей тазалау үшін, шаңсорғышты қолданбаған жөн. Шаңсорғышты қолданғанда, пернетақта бетіне тұрмыстық қалдықтар жиналып қалуы мүмкін.


Пернелердің жабысып қалуын болдырмау және пернелер арасында тұрып қалуы мүмкін шаң, талшықтар мен бөлшектерді алып тастау үшін, пернетақтаны үнемі тазалап тұрыңыз. Түтікшелі қысылған ауа баллонымен пернелердің жан-жағы мен астындағы қалдықтарды үрлеп тазартып, кетіруге болады.

Саяхаттау және тасымалдау

Саяхаттау және тасымалдау кезінде жақсы нәтижелер алу үшін:

■ Компьютерді дайындаңыз:

1. Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау.
2. Барлық оптикалық дискілерді және барлық сыртқы медиа карталарды, мысалы, сандық карталар мен ExpressCards карталарын шығарып алыңыз.

 Компьютерге, дискіге зақым келу немесе ақпараттардың жоғалу қаупін азайту үшін, оны диск орнынан шығарып алмас бұрын және дискімен тасымалдау, сақтау немесе сапарға шығу алдында, медианы диск жетегінен алып тастаңыз.


3. Барлық сыртқы құрылғыларды өшіріп, ажыратыңыз.
4. Компьютерді өшіру.

- Ақпараттың сақтық көшірмесін бірге алып жүріңіз. Барлық сақтық көшірмелерді компьютерден бөлек ұстаңыз.
- Ұшақпен ұшқанда, компьютерді қол жүгі ретінде ұстаңыз және оны басқа жүктеріңізбен бірге тіркемеңіз.
 - △ Дискінің магнитті өрістерге қойылмауын қадағалаңыз. Магнитті өрісі бар қауіпсіздік құрылғылары әуежайдағы құрылғылар мен қауіпсіздік бағандарында болады. Тасылатын жүкті тексеретін әуежай қауіпсіздік құрылғылары, мысалы, конвейер таспалары, магнитті өріс орнына рентген сәулелерін қолданады және дискіге зақым келтірмейді.
- Әуе сапары кезінде компьютер қолдануға рұқсат беру әуе компаниясының құқығында. Ұшу кезінде компьютерді қолдану үшін, алдын ала әуе компаниясынан рұқсат алыңыз.
- Егер компьютер қолданылмайтын болса және сыртқы қуатқа 2 аптадан артық қосылмайтын болса, батарея бумасын алып, оны бөлек сақтаңыз.
- Егер компьютерді немесе дискіні тасымалдайтын болсаңыз, сәйкес қорғаныш орамы мен «СЫНҒЫШ ЗАТ» деген ескертпесі бар жапсырманы қолданыңыз.
- Егер компьютерде, мысалы, 802.11b/g, GSM (ұялы байланыстың ғаламдық жүйесі), немесе GPRS (деректерді пакеттеп тасымалдау) құрылғысы сияқты сымсыз құрылғы немесе ұялы телефон орнатылған болса, бұл құрылғыларға кейбір орталарда тыйым салынуы мүмкін. Ұшақтарда, ауруханаларда, жарылғыш заттар жанында және қауіпті орталарда осындай шектеулер болуы мүмкін. Егер белгілі бір құрылғыны қолдану бойынша саясатты нақты білмесеңіз, оны қолданудан бұрын рұқсат сұраңыз.
- Халықаралық сапарларға шығатын болсаңыз:
 - Сапар шегетін әрбір елдің компьютерге қатысты кедендік ережелерді тексеріңіз.
 - Компьютерді қолдануды жоспарлайтын әрбір орындағы қуат сымы мен адаптері бойынша қойылатын талаптарды тексеріңіз. Кернеу, жиілік және қосу параметрлері әртүрлі болуы мүмкін.
 - △ Ток соғуы, өрт шығуы немесе жабдықтың зақымдануы сияқты қауіпті азайту үшін, компьютерді керек-жарақтарға арналып сағылатын кернеуді түрлендіру жинағы арқылы қоспаңыз.

А қосымшасы. Ақаулықтарды жою

Ақаулықтарды жою жолдары

Егер компьютерден ақаулық табылса, ол жойылғанға дейін төмендегі ақаулықтарды жою қадамдарын берілген ретпен орындаңыз:


- «Ақаулықтарды жылдам жою» бөлімін қараңыз.
 - Анықтама және қолдау орталығы арқылы веб-тораптар сілтемесіне өтіп, компьютер туралы қосымша ақпарат алыңыз. **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау)** тармақтарын таңдаңыз.
-  Көптеген тексеру және жөндеу құралдары Интернетке қосылуды қажет етсе, Анықтама және қолдау сияқты басқа құралдар желіден дербес күйдегі компьютерде де, ақаулықты жоюға мүмкіндік береді.

Ақаулықтарды жылдам жою

Компьютер қосылмайды

Компьютер қуат түймешігін басқан кезде, қосылмаған жағдайда:

- Егер компьютер айнаымалы ток розеткасына қосылған болса, розеткаға ток келіп тұрғанын тексеру үшін, басқа электр құрылғысын қосыңыз.

 Осы компьютермен бірге берілген немесе осы компьютер үшін HP компаниясы ұсынған айнаымалы ток адаптерін ғана пайдаланыңыз.

- Егер компьютер батарея қуатымен жұмыс істейтін болса немесе розеткаға емес, басқа сыртқы қуат көзіне қосылған болса, компьютерді айнаымалы ток адаптері арқылы розеткаға қосыңыз. Қуат сымы мен айнаымалы ток адаптерінің қауіпсіз жалғанғанын тексеріңіз.

Компьютердің экраны бос

Егер компьютер қосылып, қуат шамы жанып тұрғанда экран бос болса, компьютер экранында кескін көрсетілмейтін етіп орнатылған болуы мүмкін. Кескінді компьютер экранында көрсету үшін, **fn+f4** пернелер тіркесімін басыңыз.

Бағдарламалық құрал дұрыс жұмыс істемей тұр

Егер бағдарламалық құрал жауап қайтармай тұрса немесе дұрыс жауап бермесе:

- Компьютерді қайта іске қосу үшін, **Пуск** (Бастау) **түймешігін басып**, > **Завершение работы** > (Жұмысты аяқтау) **Перезагрузка** (Қайта бастау) тармақтарын таңдаңыз.

Егер компьютерді осы әрекеттерді орындап, қайта қосу мүмкін болмаса, «Компьютер қосулы, бірақ жауап бермейді» деген келесі бөлімді қараңыз.

- Вирустарды тексеруді іске қосыңыз. Компьютерде вирусқа қарсы ресурстарды қолдану туралы ақпарат алу үшін, 5-тараудағы «Компьютерді вирустардан қорғау» бөлімін қараңыз.

Компьютер қосулы, бірақ жауап бермейді

Егер компьютер қосылып тұрғанда бағдарламалық құрал немесе пернетақта пәрмендеріне жауап бермесе, апаттық өшіру іс ретін берілген тәртіппен компьютер өшкенше орындаңыз:



ЕСКЕРТУ: Апаттық өшіру іс реті орындалғанда, сақталмаған ақпарат жойылып кетеді.

- Қуат түймешігін кемінде 5 секунд басып тұрыңыз.
- Компьютерді сыртқы қуат көзінен ажыратып, батареяны алып тастаңыз.

Компьютер әдеттен тыс қызып кетеді

Қосылып тұрған компьютердің ұстағанда жылы болуы қалыпты жағдай болып табылады. Егер *әдеттен тыс* қызып кетсе, ол желдеткіш саңылауы жабылып қалғаннан болуы мүмкін.

Егер компьютер қатты қызып кетті деп ойласаңыз, оны бөлме температурасына дейін суытып алыңыз. Компьютерді пайдалану барысында барлық желдеткіштердің ашық тұрғандығын тексеріңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ: Компьютердің қызып кетуін болдырмау үшін немесе қызып кетумен баланысты зақым алмау үшін компьютерді тізеңізге қоймаңыз немесе компьютердің желдеткіш саңылауын жаппаңыз. Компьютерді тек қатты, тегіс беттің үстіне қойып пайдаланыңыз. Қасында тұрған қосымша принтер сияқты қатты беттің немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ беттің ауа ағынын бөгеуіне жол бермеңіз. Сонымен қатар, жұмыс кезінде айнымалы ток адаптерінің теріге немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ бетке тимеуін қадағалаңыз. Компьютер және айнымалы ток адаптері Ақпараттық технология жабдығы қауіпсіздігінің халықаралық стандарты (IEC 60950) арқылы белгіленетін пайдаланушы үшін рұқсат етілген бет температурасына сәйкес келеді.



Компьютердегі желдеткіш компьютердің ішкі бөліктерін салқындату және қызып кетудің алдын алу үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс барысында желдеткіштің қосылып-өшірілуі қалыпты жағдай болып табылады.


Сыртқы құрылғы жұмыс істемейді

Егер сыртқы құрылғы ойдағыдай жұмыс істемесе, төмендегі әрекеттерді орындаңыз.


- Құрылғыны өндірушінің нұсқауларына сәйкес қосыңыз.
- Барлық құрылғы қосылымдары қауіпсіз.
- Құрылғыға электр қуаты келіп тұр.
- Құрылғы, әсіресе, ол ескі нұсқа болса, амалдық жүйемен үйлесімді болады.
- Дұрыс драйверлер орнатылып, жаңартылған.


Сымсыз желі байланысы жұмыс істемейді

Сымсыз желі байланысы ойдағыдай жұмыс істемесе:

 Егер корпоративтік желіні қолданып жатсаңыз, ақпараттық технология маманымен хабарласыңыз.

- **Пуск (Бастау)** түймешігін басып, > **Панель управления (Басқару тақтасы)** > **Сеть и Интернет (Желі және Интернет)** > **Сеть и центр управления сетями и общим доступом (Желілер мен ортақ пайдалануды басқару орталығы)** > **Устранение неполадок (Ақаулықтарды жою)** тармақтарына өтіп, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- Сымсыз құрылғының қосылып, компьютердегі сымсыз байланыс шамының көк түсті болып жанып тұрғанын тексеріңіз. Егер шам сарғыш түсті болса, сымсыз құрылғыны қосыңыз.
- Компьютердің сымсыз антеннасы ештеңемен жабылып қалмағанын тексеріңіз.
- Кабель немесе DSL модемінің және оның қуат сымының дұрыс жалғанып, шамдардың жанып тұрғандығын тексеріңіз.
- Сымсыз жол жоспарлағыштың қуат адаптеріне, кабельге немесе DSL модеміне дұрыс жалғанып, шамдардың жанып тұрғанын тексеріңіз.
- Барлық кабельдерді ажыратып, қайта жалғаныз да, қуатты өшіріп, қайта қосыңыз.

 Сымсыз технология жөнінде қосымша ақпарат алу үшін, Анықтама және қолдау ішіндегі ақпаратты және веб-тораптар сілтемесін қараңыз.

 Кең ауқымды сымсыз қызмет жөніндегі ақпаратты компьютермен бірге берілетін ұялы желі операторы ақпаратынан қараңыз.

В қосымшасы. Техникалық сипаттары

Жұмыс істеу ортасы

Егер компьютерді қолайсыз жағдайда қолдануды немесе тасымалдауды жоспарласаңыз, келесі кестедегі жұмыс істеу ортасы жөніндегі ақпарат пайдалы болуы мүмкін.

Фактор	Метрикалық	АҚШ
Температура		
Жұмыс режимінде (оптикалық дискіге жазу)	5°C – 35°C аралығында	41°F – 95°F аралығында
Жұмыссыз режимде	-20°C – 60°C аралығында	-4°F – 140°F аралығында
Салыстырмалы ылғалдылық (конденсатталмайтын)		
Жұмыс режимінде	10% – 90% аралығында	10% – 90% аралығында
Жұмыссыз режимде	5% – 95% аралығында	5% – 95% аралығында
Ең үлкен биіктік (қысымсыз)		
Жұмыс режимінде	-15 м – 3 048 м аралығында	-50 фут – 10 000 фут аралығында
Жұмыссыз режимде	-15 м – 12 192 м аралығында	-50 фут – 40 000 фут аралығында


Тұтынылатын қуат


Осы бөлімдегі қуат жөніндегі ақпарат компьютермен өзге елдерге сапар шегуді жоспарлаған кезде пайдалы болады.

Компьютер айнаымалы немесе тұрақты ток көзінен келетін тұрақты ток арқылы жұмыс істейді. Компьютер бөлек тұрақты ток көзінен жұмыс жасаса да, ол тек қана берілген және осы компьютерге қолдану үшін HP компаниясы ұсынған айнаымалы ток адаптері немесе тұрақты ток көзіне қосылуы керек.

Компьютер келесі талаптар бойынша тұрақты токпен жұмыс істейді.

Тұтынылатын қуат	Номиналды мәні
Жұмыс істеу кернеуі	18,5 В немесе 19,0 В тұрақты ток
Жұмыс істеу тогы	3,5 А, 4,74 А немесе 6,50 А

 Бұл құрылғы Норвегиядағы фазааралық кернеуінің орташа квадраттық мәні 240 В-тан аспайтын ақпараттық технологиялар электр жүйелеріне арналған.

 Компьютердің жұмыс кернеуі мен ток күшінің көрсеткіштерін компьютердің төменгі бөлігіндегі стандарты көрсетілген жапсырмадан табуға болады.

3-кеңейту портының кіріс/шығыс сигналдары (тек таңдаулы үлгілерде)

Осы бөлімдегі сигналдар туралы ақпарат компьютердің 3-кеңейту портына қосылатын қосымша кеңейту өнімін пайдалануды жоспарлағанда пайдалы болуы мүмкін. (Компьютердің тек бір ғана кеңейту порты бар. *3-кеңейту порты* деген ұғым кеңейту портының түрін сипаттайды.)

Төмендегі кестеде компьютердің 3-кеңейту порты қолдайтын кіріс және шығыс сигналдары көрсетілген.

Мүмкіндік	Қолдау
USB 2.0	Иә
Gigabit Ethernet порты	Иә
IEEE 1394 порты (4 істікшелі порт)	Жоқ
Инфрақызыл датчигі (тек қосымша қашықтан басқару үшін)	Иә
Тұтынылатын қуат	Ең жоғары деңгейі 65 Вт – 90 Вт
DVI	Жоқ
Гарнитура/үндеткіш аудио шығысы	Иә
Микрофон қосу ұясы	Иә
VGA	Иә
Қуат түймешігі	Иә
Дыбыс деңгейін реттегіш (көбейту/азайту)	Иә
Дыбыстың өшірілген/қосылған күйі	Иә

Индекс

А

- айнымалы ток адаптері 23
- ақаулықтарды жою 43
 - бағдарламалық құрал ақаулықтары 44
- бос экран 43
- вирустық ақаулықтар 44
- дисплей ақаулықтары 43
- жауап бермейтін компьютер 44
- іске қосу ақаулықтары 43
- қызып кету ақаулықтары 44
- ресурстар 43
- сымсыз желі ақаулықтары 45
- сыртқы құрылғы ақаулықтары 45

Б

- бағдарламалық құрал ақаулықтарды жою 44
- ақпаратты қорғау 35
- антивирус 21
- анықтау 31
- жаңарту 34
- бағдарламалық құралды анықтау 31
- бар сымсыз желіге қосылу 27
- басу, сенсорлы экран 7
- биіктіктегі жұмыс істеу жағдайлары 47
- бос экран, ақаулықтарды жою 43
- бұру
 - сенсорлы экран 9

В

- вирусқа қарсы бағдарламалық құрал 21
- вирустар 21

Д

- дисплей, тазалау 41
- дисплейді тазалау 41

Ж

- жауап бермейтін компьютер, ақаулықтарды жою 44
- желдеткіштер, сақтық шаралары 23, 44
- желіаралық қалқандар 21
- жүйені қалпына келтіру 35
- жүйені қалпына келтіру нүктелері 37
- жұмыс дағдылары 22
- жұмыс орнын реттеу 22
- жұмыс ортасының жағдайлары 47
- жылжыту
 - TouchPad 5
 - сенсорлы экран 8

З

- зандық ақпарат ескертулері 20, 22, 23

И

- Интернет
 - ISP провайдерін таңдау 25
 - қосылу түрін таңдау 25
 - нөмір теріп кіру 25
 - сымсыз қосылу 25
- Интернет желісіне нөмір теріп кіру 25
- Интернет қызметтері мен ұсыныстары 26
- Интернет қызметтері провайдері (ISP) 25
- Интернетке қосылу 25, 26
- Интернетке сымсыз қосылу 25

І

- іске қосу ақаулықтары, ақаулықтарды жою 43

К

кабель, модем 25
кеңейту порты,
техникалық сипаттары 48
кернеу ауытқуынан қорғау 22
компьютер, қосу 43
компьютерді сапарға алып шығу 41, 47
компьютерді тасымалдау 41
компьютерлік вирустар 21
компьютермен қауіпсіз жұмыс істеу 22

Қ

қалпына келтіру дискілері 35
қалпына келтіру нүктелері 37
қалпына келтіру, жүйе 35
қалып 22
*Қауіпсіз және қолайлы
жұмыс жасау нұсқаулығы* 22
қоршаған орта жағдайлары 47
қуат сипаттары 47
қуат сымы 22
қуат, компьютерді қосу 43
қуаттың кенет өзгеруі 22
құжаттама 20
құпиялылық, қорғау 21
құрылғылар, сыртқы,
ақаулықтарды жою 45
кызып кету, компьютер 44

М

масштабтау
TouchPad 6
сенсорлы экран 9
модем
кернеу ауытқуынан қорғау 22
қосылу 25

П

пайдаланушы нұсқаулықтары 20
пернетақта, тазалау 41
пернетақтаны тазалау 41

С

сенсорлы экран
бұру 9
жылжыту 8
масштабтау 9
пайдалану 7
параметрлерді орнату 10
сүйреу 8
сызу 7
тұрту 7
шымшу 9

*Стандартқа сәйкес келу, қауіпсіздік
және қоршаған орта жөніндегі
ережелер* 20, 22

сүйреу, сенсорлы экран 8
сызу, сенсорлы экран 7
сымды желіге қосылу 29
сымсыз желі ақаулықтары,
ақаулықтарды жою 45
сымсыз желіге қосылу 27
сыртқы құрылғылар,
ақаулықтарды жою 45

Т

температура
ақаулықтарды жою 44
қауіпсіздік туралы түсініктер 23, 44
техникалық сипаттары 47
техникалық сипаттары
биіктік 47
жұмыс ортасы 47
кеңейту порты 48
температура 47
тұтынылатын қуат 47
ылғалдылық 47
тоқ соғуы 22
Тұрту, сенсорлы экран 7
тұтынушыны қолдау,
пайдаланушы нұсқаулықтары 20
тұтынылатын қуат сипаттары 47

- X**
хабарландыру, белгішелерді анықтау 15
- Ч**
Чат 18
- Ш**
шымшу
TouchPad 6
сенсорлы экран 9
- Ы**
ықшам диск немесе DVD дискісін
жасау 33
ылғалдылық жағдайлары 47
- Н**
HP 11
HP QuickWeb 1
- І**
IEC 60950 сәйкестігі 23, 44
- М**
MediaSmart, пайдалану 32
Microsoft Windows, іске қосу 13
- Н**
Norton Internet Security 21
- Q**
QuickWeb
анықтау 14
пайдалану 13
QuickWeb бағдарламалық құралы
желіні конфигурациялау 17
музыка ойнату 17
орнату 12
өшіру және қосу 14
Фотосуреттерді шолу 17
QuickWeb белгішелері, анықтау 14
QuickWeb, параметрлер панелі 16
- S**
Skype 18
- T**
TouchPad
анықтау 3
қосу және өшіру 4
таңдау 4
шарлауы 4
«TouchPad өшірілген»
көрсеткіші, анықтау 3
TouchPad тақтасының
қимылдары жылжыту 5
пайдалану 5
шымшу 6
TouchPad түймешіктері, анықтау 3
TouchPad, тазалау 41
- W**
Windows Интернетке қосылу шебері 26

